



Астана қаласы

17.08.2016 ж.

## **БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

### **Астана қаласында «Мәңгілік Ел» патриоттық идеясы: балаларға қосымша білім беру жүйесі» панельді сессиясы болады**

Қазақстан Республикасы білім беру қызметкерлерінің «БІЛІМДІ ЕЛ – МӘҢГІ ЕЛ» тамыз педагогикалық кеңесі шеңберінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы «Мәңгілік Ел» патриоттық идеясы: балаларға қосымша білім беру жүйесі» панельді сессиясын өткізеді.

Панельдік сессияға жалпы орта, арнайы, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басшылары, өңірлік дене тәрбиесі орталықтарының директорлары, жастар саясаты жөніндегі басқарма басшылары, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері қатысады.

Қосымша білім беру жүйесін сақтау және жаңғырту сұрақтары бойынша тиімді диалог және мемлекетпен, қоғаммен және кәсіби бірлестіктермен қарым-қатынас үшін ашық алаң құру панельдік сессияны өткізудің мақсаты болып табылады.

Қазіргі таңда республикада 860 мектептен тыс ұйым және 57 мыңнан аса мектеп үйірмелері бар. Республикадағы балаларды қосымша біліммен жалпы қамту 61,9%-ды құрайды.

Сессия барысында Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы міндеттерінің бірі - «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және саламатты өмір салты мәдениетін нығайтуға ерекше назар аударылатын болады.

«Мәңгілік ел» патриоттық актісін іске асыру мақсатында білім беру ұйымдарының педагогтеріне көмек ретінде әдістемелік ұсынымдар, 2017-2018 жылдарға арналған 200 тақырыптық іс-шаралар күнтізбесі ұсынылады.

Панельдік сессия барысында патриоттық тәрбие беру, балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану, балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы бойынша қосымша білім беру педагогтері жұмысының тиімді тәжірибесі ұсынылатын болады, қосымша білім беру жағдайда ғылыми-адамгершілік құндылықтарды, бала тұлғасының әлеуметтенуін қалыптастыру және басқа да сұрақтар қарастырылады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінің маңызды аспектілерін талқылау бала құқықтарын қамтамасыз етуге, дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге, әр түрлі қызығушылықтарды қанағаттандыруға, олардың сабақтан тыс қызметінде уәждемелік әлеуеттерін дамытуға бағытталған басымдықтарды анықтауға көмектеседі.

Панельдік сессияның қорытындысы бойынша ұсынымдар қабылданады.

Өткізу орны: Астана қаласы, Қ.Сәтпаев көш. 2., Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

Өткізу күні мен уақыты: 17 тамыз, сағат 10.00.

Қосымша ақпараттар үшін мына мекен-жайға хабарласыңыздар: Астана қаласы, Кенесары көшесі, 40, ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы.

Байланыс телефондары: 8 /7172/ 249-309, 249-307.